

## 2 СЕКЦИЯ

### ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫ ҚОРҒАУ МЕН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

#### МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ – ҚЫСҚА ҒҰМЫРЫН ЕЛ ТАҒДЫРЫНА АРНАҒАН АЯУЛЫ АҚЫН

Абдалиева З. Н.

Жетекшісі: Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының  
ассистент профессоры Абдрахманова К.Ж.

Қарағанды Медицина Университеті

[zilolabdalieva@gmail.com](mailto:zilolabdalieva@gmail.com)

Қарағанды қ.

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты –  
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін! – деп жырлаған Мағжан Жұмабаевтың туғанына биыл 131 жыл толды. Мағжан Жұмабаев – қазақ халқының тарихында, әдебиетінде ерекше орын алатын ұлы тұлға. Оның шығармалары арқылы сол кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалыстың өрлеуі мен құлдырауын сезінуге болады. Ол өзінің шығармашылық қызметін халық өмірімен байланыстырды. XX ғасыр басындағы қазақтың тарихын Мағжан өлеңдерінен аңғаруға болады. Бұл кезде Қазақстанды орыстандыру, жергілікті халықты түрлі қорлаулар жүріп жатты. Осыдан кейін Мағжан қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің ақындық үні болуға бел буады.

Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаев кішкентайында ауыл молдасынан сауат ашып, кейіннен Қызылжардағы татар зиялысы М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Осы медресенің қабырғасында жүргенінде жазылған “Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға” деген өлеңі ақынның ұлтымыздың зиялы қауымына деген алғашқы өлеңдерінің бірі болды. Білімін жалғастыра отырып, Уфа қаласындағы “Ғалия” медресесінде білім алды. Медреседен кейін Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүргенінде көрнекті Алаш қайраткерлері Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сынды тұлғалармен таныс болып, қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты қоғам мәселелеріне белсенді араласа бастады. «Алаш» партиясының мүшесі болып, жалған айыптаулармен бір айға жуық түрмеге де отырып шықты. Бірінші және екінші жалпықазақ съездіне депутаттыққа кандидат ретінде және делегат болып қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төраға болды. Сонымен қатар, Ақмола губерниялық “Бостандық туы” газетінде, “Шолпан”, “Сана” журналдарында, “Ақжол” газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. 1923 – 1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезінде Мағжанның жалпы қауымға арналған өлеңдері бойынша 1922 жылы қазанда, 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтары талқылауға түсіп, қатаң сынға алынды. Кейіннен педагогикалық қызметтер атқарып, көп ұзамай оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады.

Қысқа ғұмырын ел тағдырына арнап, Алаш ұранын аспандатып, халық игілігі үшін қара басын қатерге тігіп, күллі адамзаттың мүддесін көздеген Мағжан Жұмабаев замана сырын ашып, болашаққа жол сілтеген ұлт ақыны. Өмір шындығын поэзия шындығына айналдырып, таланты мен көрегендігі тоғысқан Мағжан ақынның туындыларын толыққанды талдап, санамызға сіңіре алған жоқпыз. Сондықтан зерттеген сайын зерттеуді қажет етіп, терең ойға, сырлы сезімге, тұңғыш әлемге батырып жіберетін ақын өлеңдерін жүрек түкпіріне қонақтату – бүгінгі ұрпақ, біздің еншімізде.

Әдебиеттің халық алдындағы биік мақсат-мұратын дұрыс түсініп бағалаған, сөз өнерінің құнын ардақтай сыйлаған, өмір шындығын, қат-қабат құбылыстарын оның терең мазмұнына үңіле отырып суреттей алған ақын жыры әрқашан қоғамдық, азаматтық мәселелерді көтереді. Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алады. Осы тұрғыдан Мағжанның азаматтық үнін танытатын өлеңдері жас ұрпақтың жанына жігер, жүрегіне рух пен айбындылық, көңіліне сенім ұялатар ұлтжандылықтың ұраны дейміз. Мағжан поэзиясы енді ғасырлар бойы толассыз зерттеуге жетеді.

Қазақ поэзиясында лирикалық сыршылдықтың шыңына лайық, поэмаларында суреткерлік пен ойшылдығы қат-қабат келіп жататын өлең өлкесінде өшпес мұра қалдырған ұлы ақын – Мағжан Жұмабаев.

XX ғасырдың басында әдебиет әлемінде қатар қанат қаққан ақындардан Мағжан Жұмабаевтың басты ерекшелігі өлең өрімінің өзгеше сұлулығы мен саздылығының ерекше үйлесім табуында. Мағжан Жұмабаев-қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы -Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанмен өзінше жол табудан әсте жалықпай, көп ізденген жан.

Бүгінгі өз алдына тәуелсіздік алған егеменді еліміздің мәдениеті мен әдебиеті ұлттық сипатын айқындай түсуде. Бұл мақсаттың алғашқы қадамы Алаштың ардақты ұлдарын ақтаудан басталғаны баршамызға

мәлім. Алаш азаматтары яғни қазақ зиялылары қазақ ұлтын жеке автономиялық мемлекет етіп құруды мақсат етті. Олардың осы өмірлік мұраттары шығармашылық идеяларына айналды. Бұл ұлт-азаттық идеяның әдебиетте алғаш көрініс беру еді. Бірақ ұлт-азаттық идея ұстанған ағым өкілдері саяси айыппен қоғамнан аластатылды да, оларды тану, зерттеу ХХ ғасырдың соңғы жылдары қолға алынды. Бір сөзбен айтқанда, Алаш азаматтары аңсаған еркіндікті, егемендікті ұрпақтары біз көріп отырмыз. Бүгінгі таңда жарты ғасырдан астам өз оқырманын күткен Мағжан Жұмабайұлының шығармашылығы қазақ халқының асыл мұрасына айналды. Осы уақыт ішінде Мағжан Жұмабайұлы шығармашылығы жан-жақты зерттелді.

Ақынның қаламынан туған классикалық шығармалар ұлт әдебиетін белгілі бір көркемдік дәрежеге көтерді. Ал ақын көркем туындыларындағы эстетикалық таным өз бастауын ұлт тарихынан, халық ауыз әдебиетінен, халықтық мәдениеттен алып жатады. Ақынның осы негізде қалыптасқан азаматтық ұстанымын тануда патриоттық рухта жазылған поэмаларының рөлі зор. Поэмаларының ішіндегі ең көлемдісі және алдымен ауызға ілігері- "Батыр Баян". Өйткені, поэма идеясы-ұлт тағдыры идеясынан туындаған. Алғаш "Шолпан" журналының 1923 жылы №4-8 сандарында жарияланған "Батыр Баян" поэмасы тарихи деректерге қарағанда Мұхтар Әуезовтың үйінде бір таңда жазылған. Осы поэмасына негіз болған деректерді ақын Шоқан Уәлиханов еңбегінен алғаны баршамамызға мәлім. Поэманың кейіпкері болып отырған Абылай хан да, Батыр Баян да өмірде болған адамдар. Баянның Абылай ханның сүйікті батыры болғаны да рас. Сондықтан Мағжан қазақ халқының тәуелсіздігі, бірлігі, бостандығы үшін күрескен -Абылай хан батыр Баян есімдерінің ел назарынан тыс қалып, ұмытыла бастауы бір кездегі, батыр халықтың рухының жойылуына апарып соғарын түсінгендіктен, "Батыр Баян" поэмасын жазған. "Батыр Баян" поэмасында қазақтың хандық дәуірі, оның ішінде Абылай тұсындағы жаугершілік заман психологиясы көрініс тапқан. Ақын шығарма мазмұнына реалистік оқиғаларды мәселен, Абылай дәуірі, ХVIII ғасырдағы қазақ батырлары, соның ішінде Баянның ерен ерлігі, қайсарлығы мен батыр мінезі, қалмақ пен жауласқан майдан даласы, Абылай мен Баян арасындағы сөз бәсеке, Сары Батырұлы Қыстаубайдың қалмақ қызына ғашықтық оқиғасы, Жанатай өлімін таңдап ала отырып, тарихи шындыққа романтикалық қуат берген.

Мағжан Жұмабаев қолына алғаш қалам алғаннан бастап, шығармашылық күш-қуатын аумақты да биік әлеуметтік мәселелерге арнады. Халықтың өткендегісін ой елегінен өткізе отырып, бүгінгі хал-ахуалын таразылады. Оның жылт етер жарамдысына ағынан жарыла қуанса, келіссіз, қара-қоңырына күйзелді. Тар заманның аранын ашқан қатерінен жасқанып, бой тасалаған жоқ, арашаға ұмтылды. Патша саясатының момын да қонақжай халқымызды қатал қыспаққа алып, оны ата-бабасының жер-суынан ығыстыру әрекетінің барған сайын күшейе түсуі, ол аздай дінінен, тілінен, ділінен қол үздіруге бағытталған қос қыртыс құйтұрқы саясатқа түбегейлі ден қоюы Мағжан сынды ерен ойшыл түгілі кеудесінде саңылауы барлардың бәрін қасіретке батырды. Әлгілерге қоса 1916 жылдың трагедиясы, онан соң кешікпей басталып талай уақытқа созылған тынымсыз жортуыл, атыс-шабыс, Кеңес өкіметінің алғашқы тұсындағы әр түрлі жағдайлардан туындаған күштеу, қорқыту, әкімшілдік, қақтығыс-қарбаластар асау мен жуасты, білімді мен сауатсызды бір тал тарының қауызына тықты. Өуел бастан жалтару табиғатына дарымаған: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар сияқты аз ғана қазақты бөліп-жарымай, бәрін бірдей жақсы көрген Мағжан кедейдің ғана жоғын жоқтаған жоқ.

Жаңа қоғамның бойы бекіп, бұғанасы қата қоймаған кезі. Жалаң үгіт-насихатқа бой алдырып, белсенділіктің буына шарпылғандардың талайы ақынның да ет пен сүйектен тұратынын, оның да өмірінің сан-алуан әуені мен өрнегіне орай қуанатын не қайғыратын туыстары болуы мүмкін екенін ескермей, өздерінше тікелей тартты. Шыққан тегінің әулеттілігі, дәулеттілігі, ескі мектептерден дәріс алғаны, Алашордашылардың тобында болғаны шотқа қағылды. Шығармаларында орысқа қарсы әуен бар, демек, олар идеялық жағынан теріс деп аттай желді. Ол дүниелердің қашан және қандай себептерге байланысты жазылғанын ескерген жоқ. «Ақынды сынау-мінеу 1923 жылы Ташкентте шыққан үшінші жинағынан кейін тіпті күшейе түсті, науқанға айналды», - дейді З.Т. Жұмағалиев «Шындық және көркем әдебиет» атты еңбегінде.<sup>2</sup>Осындай алып қашпа жағдайдың да әсері болса керек, Мағжан оқырмандармен кең көлемде сырласуды жөн көріп, кең құлашты бірнеше поэмалар жазды. Ақын бұл сипатты туындыларында көне тарихтың қойнауын аралап, кейінгі ұрпаққа есімі көмескілене бастаған кейбір хандардың, батырлардың, өнер иелерінің өмірінің қайсыбір белестерін қағаз бетіне түсірді. Замана туралы жекелеген қайраткерлер туралы ой- толғаныстарын ортаға салды.

Қазақтың кемеңгер жазушысы Мұхтар Әуезов: «Абайдан кейін Мағжанды сүйемін... Мағжан-культурасы зор ақын...Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілігіне қарағанда,бұл бар заманның шегінен асқандай... бүгінгі күннің бар жазушының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі», -деп, оның ақындығын да, әдебиет тарихындағы орнында дөп басып айтқан.

Мағжан-қазақ халқының ұлттық ұлы ақыны. Ол – халқын шын сүйген, сонымен бірге күйінген, аянышты ел күйін көріп күйректікке, сезімталдыққа берілген шын халық досы.

Мағжан поэзиясы-жан, жүрек, сезім поэзиясы. Ол оның бүкіл қантамырынан жаралған. Ақын қандай тақырыпты жыр өзегі етпесін, бәрі «мен Мағжанмын» деп мұңдалап тұрады. Оның жырларынан бейжайлықты кездестірмейсің. Жілігі татымас жасық жолдарды ұшыратпайсың. Онда отты жүректің соғысы, ізгі де сұлу, елжіреген, еміренген жан лүпілі естіледі, онан өмір азабын, өзімшілдікке деген ыза-кекті, қаһарлы ерлі күні естіледі.

<sup>2</sup>Ұлттық поэзия падишасы[2, 50 бет].

Мағжан поэзиясының мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар асыл қазынасы-махаббат, ғашықтық жырларының жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұнымен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр жауһар дүниелер. Өшпес, сөнбес, өлмес жырлар-тек алып та ұлы жүректің берер сыйы. Мағжанға азаматтық та, ақындық та, ұлылық та дарыған. Сонан да болар – Мағжан поэзиясы оқырмандарының қойын кітабындай боп кеткен.

Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзия әлеміндегі қайталанбас жарық жұлдыз. Мағжан поэзиясының құдіреттілігі сол-ол оқырмандарына көтеріңкі көңіл- күй, бойға рух, жанға жігер береді. Өлеңдерінің құдіреттілігі сол-жастардың қанындағы ұлттық рухты күшейтеді, отаншылдық сезімін арттырады. Мағжан өлеңдері жастарды елін, жерін сүюге тәрбиелейді.

Мағжан өлеңдеріндегі ең басты тақырып-ел мен жер тағдыры. Өмірге құштарлық, айналасындағы адамдарға, туған табиғатқа, жер-анаға ғашықтық туралы ойлар-Мағжан өлеңдерінің басты сипаттарының бірі. Ақын нені жырласа да, ерекше махаббатпен, шынайы жүрекпен жырлайды. Сол себепті де оның өлеңдері сырлы, сазды, көркем. Жүсіпбек Аймауытов: «Мағжан-алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетіндей» үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында жоқ. Мағжан не жазса да, сырлы, көркем, сәнді жазады. Қай өлеңді алсақ та, ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жан дүниесінің күйзелуі, көңілінің кірбіңі көрініп тұрады. Ақын өлеңін оқысаң, еріксіз бір сезім туғызады. Әлде мұңайтады, әлде өкіндіреді, әлде қуантады, әлде жігер береді,» - деп дәл лайықты бағасын берген екен.

Мағжан қалың жұрты – қазағының ауыр халін көріп қайғырып, қамығып, мұңға батқан кезінде жан тынысын махаббаттан тапқан. Өлең мен өзін әлдилеген, сонан шәрбаттанған. Шынайы махаббат оның кәусары, жан азығы болған. Мағжан «Сүйемін» өлеңінде анасына, жарына, туған жеріне, еліне деген шынайы махаббатты шебер өрнектеген. Мағжан өз шығармаларында мөлдір де таза махаббатты өмір мәні деңгейіне көтерген.

Мағжан поэзиясы-тұнық тазалығымен, өміршендігімен, асқақ арманымен, нәзіктігімен, сұлулығымен халқымыздың аса қымбат, аса асыл мұрасы.

Бүгінгі таңда заманымыздың басты талаптарына айналып отырған рухы биік, елжанды ұрпақ тәрбиелеу ісінде, Мағжан өлеңдерін пайдаланудың маңызы зор.

Өткен тарихымыздың асыл қазыналары жадымызға, қаперімізге қайта орала бастаған сәтте, талант иелері жайында тебіренбей, толғанбай, өкінбей айту қиын. Бір кездері нахақтан күйген есім ақталып қайта оралса, оған тек қуану керек. Кешелері дүлей қара күш ақыл-парасатты ауыздықтап, шідерлегенін, ата-баба жолын ұмыттырып, тексіздікке сүйрегенін білеміз. Мағжан Жұмабаевтың бай мұрасының ұлттық мәдениетімізге қайта оралуына ризашылық білдірмей, бейтарап күйде қарау мүмкін емес. Бұл ретте дүниеге жаңа ұрпақ, жаңа тұрпаттағы буынның келгенін, олардың өзіндік көзқарасы барын мойындауымыз керек. Ол ұрпақ өткен заман қияметіне селқос қарамайды, кінәмізді бетке басып, ақиқатты қайта тірілтуге ұмтылады.

Бүгінгі өз алдына тәуелсіздік алған егеменді еліміздің мәдениеті мен әдебиеті ұлттық сипатын айқындай түсуде. Бұл мақсаттың алғашқы қадамы Алаштың ардақты ұлдарын ақтаудан басталғаны баршамызға мәлім. Алаш азаматтары яғни қазақ зиялылары қазақ ұлтын жеке автономиялық мемлекет етіп құруды мақсат етті. Олардың осы өмірлік мұраттары шығармашылық идеяларына айналды. Бұл ұлт-азаттық идеяның әдебиетте алғаш көрініс беру еді. Бірақ ұлт-азаттық идея ұстанған ағым өкілдері саяси айыппен қоғамнан аластатылды да, оларды тану, зерттеу ХХ ғасырдың соңғы жылдары қолға алынды. Бір сөзбен айтқанда, Алаш азаматтары аңсаған еркіндікті, егемендікті ұрпақтары біз көріп отырмыз. Бүгінгі таңда жарты ғасырдан астам өз оқырманын күткен Мағжан Жұмабайұлының шығармашылығы қазақ халқының асыл мұрасына айналды. Ақынның қаламынан туған классикалық шығармалар ұлт әдебиетін белгілі бір көркемдік дәрежеге көтерді. Ал ақын көркем туындыларындағы эстетикалық таным өз бастауын ұлт тарихынан, халық ауыз әдебиетінен, халықтық мәдениеттен алып жатты.

Мағжан Жұмабаевтың ақындық мұрасы өз алдына бір төбе. Ал оның публицистикалық қырын Ақан сері, Бұқар жырау, Әбубәкір Диваев туралы жазған мақалаларына аңғаруға болады. 1924 жылы ол халық ауыз әдебиетімен байланысты "Тарту" деп аталатын шығармалар жинағын шығарды. Әдебиет институтында оқыған жылдары басқа халық классиктерінен Лермонтов, Кольцов, Бальмонт, Мережковский, Мамин-Сибиряк, Горький, Блок, Гете, Гейне шығармаларын қазақ тіліне аударумен айналысты. Қуғын-сүргінге ұшыраған ақынның мұрағатын оның жары Зылиха сары майдай сақтаған. Ондаған жылдардан кейін ақын мұрасы оқырманға қайта оралып, кейінгі ұрпақ тарапынан лайықты бағаланып келеді.<sup>3</sup>

Былтыр Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жылдығына орай республика көлемінде халықаралық және практикалық конференциялармен қатар дөңгелек үстелдер өткізілуде. Соның ішінде, қазіргі таңда білімді әрі білікті маман дайындаумен қатар, еліміздің қарыштап дамуы жолында аянбай еңбек етуге қабілетті нағыз қазақ жастарын тәрбиелеп шығару жолында еңбек етіп келе жатқан еліміздегі алдыңғы қатарлы білім ордаларында Рухани жаңғыру аясында «Алаш арысы - Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен қызметі» атты тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралар барысында көрнекті тұлға Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы мен шығармашылығын, қазақ қоғамына сіңген еңбегінің маңыздылығы туралы айтылып, «Мағжан Жұмабаев және Алаш» тақырыбында баяндамалар оқылды. Іс-шарада Мағжан шығармашылығынан «Мен жастарға сенемін»,

«Қарындастарға», «Тірі бол», «Мен кім?» атты жігерлендіретін өлеңдері мәнерлеп оқылды. Мағжанның жалпы қазаққа, жастардың ынтасын, көздерін ашуға арналған өлеңдері қай заманда болмасын өте өзекті. Ұлт зиялысының елі мен жерінің егемендігін, қараңғы қоғамның көзін ашуға бағытталған қызметі аясында магистранттар өз ойларын ортаға салып, деректермен бөлісті. Іс-шараның мақсаты қазақ үшін құрбан болған көрнекті тұлғаның өмірін дәріптеу, ұлт үшін жанын қиған азаматтардың ешқашан ұмытылмайтындығын көрсету. Қорытынды сөз ретінде, Мағжан сенген жастардың тарихымызды ұмытпай, еліміздің одан әрі дамуы үшін білікті маман, білімді ұрпақ болу керектігін айтып өту абзал.

Мағжан Жұмабаевтың жүрген жолы, жасаған қызметі әрқашанда қазақ тарихындағы маңызын ғана айқындап қоймайды, сондай-ақ, ең бастысы ұлттың ойлау жүйесіне әсер ету арқылы сіңірген еңбегі екендігін көре аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://soltustikkaz.kz/2023/07/05/> Шериаз Елеуқенов. 1995 “Сағындырған жыр”
2. Ұлттық поэзия падишасы: Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігі туралы / Құраст. Ф.Қ. Бектурбекова. – Алматы, 2001. - 175 б.
3. Батыр Баян: дастандар, хикаят, өлеңдер / Мағжан Жұмабаев. – Нұр-Сұлтан: 2022. - 272 б.
4. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Мағжан\\_Бекенұлы\\_Жұмабаев](https://kk.wikipedia.org/wiki/Мағжан_Бекенұлы_Жұмабаев)
5. <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2036980-magzan-zumabaev-aqynnyn-omir-zoly-men-sygharmasylyq-murasy/>

## ӨМІРҚҰЛҰЛЫ СӘРКЕ БАТЫР: ЛЕГЕНДА КАЗАХСКОЙ СТЕПИ

Әбдіғани Ұ. Ж.

Научный руководитель: д.и.н., профессор В.В.Козина  
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
[ulzhan.abdigani@bk.ru](mailto:ulzhan.abdigani@bk.ru)  
г. Караганда

В условиях глобализации и технического прогресса сохранение национальной духовности и историко-культурного наследия становится очень важным. Эти ценности формируют основу национальной идентичности и культурного самосознания, служат связующим звеном между прошлым и настоящим.

Чтобы знать и помнить историю нашего казахского народа, мы должны прилежно изучить жизнь храбрых героев, защитивших мир страны и целостность земли, имена которых чтит народ. В эпоху средневековья, когда кровополитные войны и междоусобные схватки были нормой, Казахстан нуждался в таких отважных героях, способных защитить родную землю от врагов. Одним из таких героев был батыр Сәрке, чьи подвиги стали легендой.

Сәрке Өмірқұлұлы (около 1680-1724) – известный герой Сырского края, времен джунгарских нашествий. Он происходил из рода Табын младшего жуза и был одним из выдающихся казахских военачальников и государственных деятелей XVIII века, сыгравших ключевую роль в борьбе казахского народа против джунгарской агрессии. Его военные подвиги и политическая деятельность оказали значительное влияние на ход истории Казахского ханства в этот период. Сәрке начал свою военную карьеру в возрасте 16-17 лет, участвуя в сражениях против калмыков в районе Ырғыза. Его храбрость и мастерство в бою быстро сделали его имя известным среди табынцев, и оно стало боевым кличем рода. Помимо военных подвигов, Сәрке также был известен как выдающийся палуан (борец). В народе существует легенда о его рождении.

В 90-х годах XVII века Табын Өмірқұл бай проводил летние пастбища в окрестностях Ташкента. По словам его современников, у него было 400 тысяч лошадей. Это было огромное стадо, состоящее из пегих и пятнистых лошадей, которые не помещались ни на равнинах, ни в горах. Современники описывали его стадо так: «Лошади, охлаждаясь ночью и пасущиеся на пастбищах, к полудню устремлялись к воде. Когда они пили воду из реки Чирчик, река переставала течь». Лошадей с детства привязывали к камням, чтобы они привыкали к военным методам и верховой езде. Когда им исполнялось пять лет, специальные люди хана приходили, ставили клеймо и покупали тех, кто прошел отбор. Из его огромного стада лошадей готовили коней для армии хана Тауке. Да, владелец такого огромного количества скота не мог быть без забот. Хотя у Өмірқұл бая было много детей, он был недоволен их поступками и характерами, что вызывало у него внутренние страдания.

В те времена, когда жил Өмірқұл бай, орда хана Тауке, располагалась в местности под названием «Күлтөбе». Это место получило свое название потому, что в те времена сигналы и приказы передавались путем зажигания огней на вершинах холмов. Такие приказы и другие указы понимались по размеру огня и количеству огней.

Вернемся к нашему рассказу о Табын Өмірқұл бае. Однажды Өмірқұл бай объявил своим родственникам, что собирается посетить ханскую орду, и начал готовиться. Он подготовил табун кобылиц и отправил их в Күлтөбе. Он также подготовил долю для старейшин совета из своего скота и отправил им кумыс.